

**№59 Қ.Жандарбеков атындағы ЖОМ коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
Хаттамасы №1**

Теспе ауылы

28.08.2021ж

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

К.Абдувалиев

ДОІЖО:

А.Амангельдиева

ДТІЖО:

П.Үсенова

Кәсіподақ төрайымы:

Н.Калыбекова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Г.Керимбекова

Әлеуметтік талдаушы:

М.Пулатова

Күн тәртібінде:

1.2021-2022 оқу жылында мемлекет тарапынан берілетін тегін мектеп формасы, аяқ киім, оқу құралдарына оқушыларды тізімге қосу туралы.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы К.Абдувалиев сөз алып, мектеп директорының атына ата-аналар тарапынан тегін киім-кешектер беру үшін өтініштер келіп түскендігін айтып өтті.

ДОІЖО А.Амангельдиева сөз алды. Ол өз сөзінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан оқушылардың жағдайына қарай отырып, киім-кешектердің осы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан оқушыларға тарату керектігін айтып өтті.

Әлеуметтік педагог Г.Керимбекова сөз алып, 22 оқушының тізімін оқыды. Осы тізімдегі 22 оқушының мектеп формасы, аяқ киім, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін ұсынды.

Мектеп әкімшілігі өз пікірлерін ортаға салды.

Қаулы:

1.Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары мектеп формасы, аяқ киім, оқу құралдарымен қамтамасыз етілсін.

2.Оқушылардың іс-құжаттарын дайындау әлеуметтік педагог Г.Керимбековаға, әлеуметтік талдаушы М.Пулатоваға жүктелсін.

3.Оқушыларға киім-кешектерді алып келіп тарату әлеуметтік педагогқа және әлеуметтік талдаушыға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:


ДОІЖО:

ДТІЖО:

Кәсіподақ төрайымы:

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Әлеуметтік талдаушы:


К.Абдувалиев
А.Амангельдиева
П.Үсенова
Н.Калыбекова
Г.Керимбекова
М.Пулатова